


БЕКІТЕМІН
ШҚО білім басқармасы
Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің
«Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
Меңгерушісі Н.К. Кудабоева

*Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Күршім ауданы бойынша
білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
2023-2026 оқу жылына*

Қамқоршылық кеңестің ЕРЕЖЕСІ

Жалпы Ереже:

1. Осы ереже Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдарда қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі»

2023 жылғы 1 наурыздағы №56 бұйрығы "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес әзірленді

2. Қамқоршылық кеңес ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК ұйымның дамуына ықпал ететін және мектепке дейінгі ұйымдардың қызметіне қоғамдық бақылауды қамтамасыз ететін алқалы басқару орган болып табылады. Өз қызметін мына қағидаттар негізінде жүзеге асырады:

- 1) тәуелсіздік;
- 2) оның мүшелерінің өтеусіз негіздегі қызметі;
- 3) еріктілік;
- 4) ашықтық;
- 5) жариялылық пен шынайылық.

Қамқоршылық кеңестің функциялары:

1) тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға Қамқоршылық кеңес анықтаған мектепке дейінгі ұйым жұмысындағы кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізеді;

2) мектепке дейінгі ұйымның бюджетін қалыптастыру кезінде ұсыныстар әзірлейді;

3) мектепке дейінгі ұйымның жарғысы мен ішкі тәртіп ережелеріне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуді келіседі;

4) мектепке дейінгі ұйымына қайырымдылық көмек түрінде түскен қаржы қаражатын бөлу жөнінде келіседі және хаттамалық шешім шығарады, оның нысаналы жұмсалуды туралы, демеушілік, қайырымдылық және өзге де көмекті пайдалану бағыттарын, нысандарын, мөлшері мен тәртібін таңдау жөнінде шешім қабылдайды;

5) тәрбиеленушілердің, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен бостандықтарының сақталуына бақылауды жүзеге асыруға,

олардың құқықтарын қорғауға, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оларды физикалық, психикалық және өзге де зорлық-зомбылық пен кемсітушіліктен қорғауға жәрдемдеседі;

6) санитариялық-гигиеналық жағдайлардың сақталуына, тамақтану сапасына, ауыз су режиміне, іргелес аумақтың жай-күйіне қоғамдық бақылауды жүзеге асырады;

7) мектепке дейінгі ұйым басшысының мектепке дейінгі ұйымның қызметі туралы есептерін жылына кемінде 2 (екі) рет тыңдайды;

8) қиын өмірлік жағдайға тап болған тәрбиеленушілерге қолдау көрсету және материалдық-техникалық базаны нығайту үшін мектепке дейінгі ұйымның шотына түсетін демеушілік қаражаттың жұмсалудына бақылауды жүзеге асырады;

9) мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды жүргізуге жәрдемдеседі;

10) ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне анонимді сауалнама жүргізу арқылы мектепке дейінгі ұйымда оқу жағдайларына қанағаттану дәрежесіне жылына 1 (бір) рет мониторинг жүргізеді;

11) мектепке дейінгі ұйымда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қызығушылықтары бойынша үйірмелерде және спорт секцияларына қамтылуына жылына 1 (бір) рет мониторинг жүргізеді;

12) педагогикалық ұжымға тәрбиеленушілердің отбасыларымен жұмысты жүзеге асыруға жәрдемдеседі, мектепке дейінгі ұйымының әкімшілігімен бірлесіп, жалпы ата-аналар жиналыстарын өткізеді;

13) педагогтер, ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдер арасында туындаған жанжалдарды шешуге жәрдемдеседі;

14) Қамқоршылық кеңестің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша заң және нормативтік құқықтық актілер жобаларын қоғамдық талқылауға қатысады.

Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату:

1) тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның бастамасы бойынша;

2) мектепке дейінгі ұйымды тарату, қайта ұйымдастыру кезінде;

3) осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген Қамқоршылық кеңестің өкілеттік мерзімі өткеннен кейін;

4) Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде жүзеге асырылады.

Қамқоршылық кеңестің мүшесі Қамқоршылық кеңестің құрамынан:

1) жеке бастама бойынша (Кеңес төрағасының атына еркін түрдегі жазбаша өтініш негізінде);

2) кеңес отырыстарында дәлелсіз себептермен жыл ішінде үш реттен артық болмау себебінен шығарылады.

Шығыс Қазақстан облысы
Білім басқармасы
Күршім ауданы бойынша
білім бөлімінің
«КҮРШІМ АУЫЛЫНЫҢ
БАЛАБАҚШАСЫ»
коммуналдық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорны



«Коммунальное государственное
казенное предприятие
«ДЕТСКИЙ САД СЕЛА
КУРЧУМ» отдела образования
по Курчумскому району
управления образования
Восточно-Казахстанской
области»

БҰЙРЫҚ

«23 » қыркүйек 2025 жыл
Күршім ауылы

ПРИКАЗ

№67
с.Курчум

Балабақшада қамқоршылық кеңестің құрамын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 44-бабының 9- тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестік жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №355 бұйрығын 2023жылғы 1 наурыздағы №56 бұйрығы басшылыққа ала отырып
БҰЙЫРАМЫН:

- 1.Балабақшаға Қамқоршылық кеңесі құрылсын.
- 2.Кеңестік құрамы 1 қосымшаға сәйкес төмендегідей бекітілсін:

Төрайымы:

- 1.Рахимова-Чупенова Раушан- ЖК «Рахимова –Чупенова» -жеке кәсіпкер
- #### Мүшелері:

1. Қойлыбаева М – Көп балалы ата-
2. Қырықбаева Р.Д –Күршім ауруханасы қызметкері
3. Нуркасымова М – көп балалы ата-ана
4. Катчубаева Ж – жеке кәсіпкер
5. Кәдірбек Ж – балабақша дефектологі
6. Адильдабекова А – Аудандық аурухана
7. Қайратова Т – Сарыөлең орта мектебі бухгалтер

Хатшы: Нуркасымова М – көп балалы ата-ана

Балабақша меңгерушісі:

Кудабаева

Кудабаева Н.К.



ҚАРАЛДЫ 
Қамқоршылық кеңес отырысында
23.09.2025
Хаттама №1

БЕКІТЕМІН 
ШҚО білім басқармасы
Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің
«Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
меңгерушісі Н.Қ. Құдабаева

Қамқоршылық кеңес отырысының жұмыс жоспары
2025-2026 оқу жылы

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	№1 отырыс 1.Қ/к құрамын бекіту, төрағаны және хатшыны сайлау, Қ/к ережесін талқылау, жұмыс жоспарын бекіту. Балабақшаның ішкі тәртіп ережелерімен және жұмысымен таныстыру, есеп беру 2. 2024-2025 жылдарға арналған балалармен жұмысты ұйымдастыру (әдіскердің сөзі).	23.09.2025	Қ/к төрайымы Хатшы, Мүшелері Шақырылғандар: Құдабаева Н.К. Адылбекова А.А Колдешева М.М Жұмағалиева И
2	№ 2-ші отырысы 1.Балабақшада өткен жәрмеңкеден түскен қаражатқа есеп беру 2. Балабақшаның қаржылық-шаруашылық қызметінің жылдық жоспарымен таныстыру. Тәрбиеленушілерге тегін берілетін оқу-құралдардың, гигиеналық заттармен таныстыру. Тегін тамақпен қамтамасыз етілетін балалардың тізімін анықтау. 3.Балабақшадағы балаларға арналған жаңа жылдық мерекелерді ұйымдастыру және өткізу	қазан	Қ/к төрайымы Хатшы, Мүшелері Шақырылғандар: Құдабаева Н.К. Адылбекова А.А Колдешева М.М Жұмағалиева И
3	№3 отырыс 1.Балабақшадағы балаларға берілетін тағамның сапасына мониторинг жүргізу 2. Азық-түліктің сертификаттарын қарау 3. Балаларға күнделікті берілетін тағамдардың нормаларына бақылау жасау. туралы мәселені қарау. Есеп беру	желтоқсан	Қ/к төрайымы Хатшы, Мүшелері Шақырылғандар:
4	№4 отырыс 1.Қамқоршылық кеңес мүшелеріне ашық есік күнін ұйымдастыру 2.Режимдік сәттерге қатысу 3.Есеп беру	Мамыр	Қ/к төрайымы Хатшы, Мүшелері Шақырылғандар: Құдабаева Н.К. Адылбекова А.А Колдешева М.М Жұмағалиева И

**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша
білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
қамқоршылық кеңес құрамының тізімі
2025-2026 оқу жылы**

№	Аты-жөні	Жұмыс орны	Лауазымы
1	Кәдірбек Жанерке	Балабақшада	Дефектолог
2	Қойлыбаева Маржан	декретте	бухгалтер
3	Рахимова-Чупенова Раушан	ИП «Рахимова-Чупенова»	кәсіпкер, көпбалалы
4	Нуркасымова М	Көп балалы	жұмыссыз
5	Катчубаева Ж.У	Жеке кәсіпкер	
6	Адильбекова А.Н	Аудандық аурухан	Дәрігер
7	Айтмухамбетов Ерназ	ИП «Жиһаз»	Көп балалы әке
8	Қайратова Т	бухгалтер	Көп балалы ана

Балабақша меңгерушісі:

Кудабаева



Н.Ж. Кудабаева

**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша
білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
қамқоршылық кеңестің
Хаттамасы № 1**

23.09.2025 ж

Қатысқаны: 12 адам

1. Рахимова-Чупенова Раушан
2. Қойлыбаева М
3. Аймухаметов Е.Н
4. Кәдірбек Ж
5. Қайратова Т
6. Катчубаева Ж.У
7. Нуркасымова М
8. Адильбекова А

Кудабаева Н.К	меңгеруші
Адылбекова А.А	әдіскер
Колдешева М.М	медбике
Жұмағалиева И	есепші

Күн тәртібі

1. Мектепке дейінгі ұйымның 2025-2026 оқу жылына Қамқоршылық кеңесін сайлау туралы
2. МДҰ Қамқоршылық кеңесі құрамының тізімін қалыптастыру.
3. МДҰ Қамқоршылық кеңесінің төрағасы мен хатшысын сайлау.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі сөз сөйлеп, ҚР Оқу-ағарту министрінің 01.03.2023 №56-бұйрығымен бекітілген, Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібімен таныстырды. Қатысушыларға Қамқоршылық кеңестің мүшелігіне үміткерлерді ұсынды, МДҰ Қамқоршылық кеңесі төрағасының міндеттері аясын және өкілеттіктеріне сипаттама берді.

Екінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның әдіскері сөз сөйлеп, келген ұсыныстар негізінде Қамқоршылық кеңес құрамы тізімінің жобасын енгізді.

Үшінші мәселе бойынша «Ақбота» кіші топтың ата-анасы Қойлыбаева сөз сөйледі, ол МДҰ Қамқоршылық кеңесі төрағасының кандидатурасына Рахимова-Чупенова Раушанды ұсынды, сондай-ақ Нуркасымова М.Б қамқоршылық кеңесінің хатшысы орнына бекітуді ұсынды.

Шешім:

1. «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК-ның 2025-2026 оқу жылына Қамқоршылық кеңесінің құрамына сайлансын:

1. Рахимова - Чупенова Р.Б Қамқоршылық кеңестің төрағасы.

2. Нуркасымова М.Б Қамқоршылық кеңестің хатшысы.

Қамқоршылық кеңестің мүшелері:

3. Қойлыбаева М

4. Аймуханбетов Е.Н

5. Кәдірбек Ж.С

6. Қайратова Т.Қ


7. Катчубаева Ж.У

8. Адильбекова А.Н


2. Қамқоршылық кеңес «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК-ның жарғысы және нормативтік құқықтық құжаттарымен таныссын.

3. Кеңестің кезекті отырысында бекіту үшін Қамқоршылық кеңестің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары әзірленсін, меңгерушімен бекітілсін

Төрайым : Рахимова Чупенова Р.Б



Хатшы: Нуркасымова М.Б



**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша
білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
қамқоршылық кеңестің
Хаттамасы № 2**

29.10.2025 жыл

Қатысқаны: 11 адам

Рахимова - Чупенова Р.Б

Қойлыбаева М

Аймуханбетов Е.Н

Кәдірбек Ж.С

Қайратова Т.Қ

Катчубаева Ж.У

Нуркасымова М.Б

Адильбекова А.Н

Кудабаева Н.К - меңгеруші

Колдешова М.М медбике

Бердаулетова Г.К - әдіскер

Күн тәртібінде:

1. Балабақшада өткен жәрмеңкеден түскен қаражатқа есеп беру.
2. Балабақшаның қаржылық шаруашылық қызметінің жылдық жоспарымен танысу. Тәрбиеленушілерге тегін берілетін оқу құралдардың, гигиеналық заттармен танысу. Сапасын анықтау. Тегін тамақпен қамтамасыз етілетін балалардың тізімін анықтау.
3. Балабақшадағы балаларға арналған мерекелерді ұйымдастыру және өткізу.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша балабақшада өткен жәрмеңкесінден қаражатқа есеп берілді

«Балдырған» тобына 20000 қаражат түсті.

«Балапан» тобына 30000 қаражат түсті.

«Айгөлек» тобына 32000 қаражат түсті.

«Ақбота» тобына 33000 қаражат түсті.

«Құлпынай» тобына 28000 қаражат түсті.

«Қарлығаш» тобына 25000 қаражат түсті.

Барлық топтардың жәрмеңкеден түскен қаражаты топ безендіруіне жұмсалды.

2. Балабақша бухгалтері Жұмағалиева Индира балабақшаның қаржылық шаруашылық қызметінің жылдық жоспарымен таныстырды. 2025-2026 оқу жылына арналып бөлінген қаражат бойынша тоқталып, таныстырды.

Шаруашылық меңгерушісі балабақша әрбиеленушілерге тегін берілетін оқу құралдардың, гигиеналық заттармен таныстырды. 140 тәрбиеленушілерге төмендегідей оқу құралдары таратылды:

- Түрлі-түсті қағаз, түрлі түсті картон
- Ермексаз
- Гуаш, акварель бояулары
- Қайшы

Желім

- Түрлі-түсті карандаштар

Сурет салу альбомы

140 тәрбиеленушілерге төмендегідей гигиеналық құралдар таратылды:

Таратылған оқу құралдары мен гигиеналық құралдардың сапасы жақсы. Тегін тамақпен қамтамасыз етілетін балалардың саны 15.

Оның ішінде 7 көп балалы отбасында тәрбиеленетін балалар, 8 ерекше білім беруді қажет ететін балалар. Балалардың ай сайын төленген қаражат көрсетілген түбіртек негізінде қаражаттары шоттарына қайтарылады.

3. Балабақшадағы балаларға арналған жаңа жылдық мерекелерді ұйымдастыру барысында. Балалардың жаңа жылдық киімдері мен кулектары ата- аналардың келісуімен жасалады.

Шешім:

1. Балабақшада өткен жәрмеңкеден түскен қаражаттың топтарды безендіруге жұмсалғаны жөніндегі есеп қанағаттанарлық деп танылсын. Алдағы уақытта да қаржының мақсатты әрі тиімді жұмсалуы бақылауға алынсын.

2. Балабақшаның 2025-2026 оқу жылына арналған қаржылық-шаруашылық жылдық жоспары назарға алынсын.

Тәрбиеленушілерге таратылған оқу құралдары мен гигиеналық заттардың сапасы қанағаттанарлық деп танылсын.

3. Тегін тамақпен қамтылатын 15 тәрбиеленушінің тізімі бекітілсін.


Қаражаттың уақтылы қайтарылуы тұрақты бақылауда болсын.

Балабақшадағы мерекелік іс-шараларды, соның ішінде жаңа жылдық мерекені ұйымдастыру жұмыстары бекітілсін. Жаңа жылдық киімдер мен сыйлықтарды ата-аналардың келісімі негізінде ұйымдастыру жалғастырылсын.

4. Қабылданған шешімдердің орындалуын балабақша меңгерушісі мен қамқоршылық кеңесі бақылауға алсын.

Төрайым : Рахимова Чупенова Р.Б

Хатшы: Нуркасымова М.Б



**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша
білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
қамқоршылық кеңестің
Хаттамасы № 3**

10.02.2026 жыл

Қатысқаны: 11 адам

Рахимова Чупенова Р.Б

Қойлыбаева М

Аймуханбетов Е.Н

Кәдірбек Ж.С

Қайратова Т.Қ

Катчубаева Ж.У

Нуркасымова М.Б

Адильбекова А.Н

Кудабаева Н.К - меңгеруші

Колдешова М.М медбике

Бердаулетова Г.К - әдіскер

Күн тәртібінде:

1. Балабақшадағы балаларға берілетін тағамның сапасына мониторинг жүргізу.
2. Азық - түліктің сертификаттарын қарау.
3. Балаларға күнделікті берілетін тағамдардың нормаларына бақылау жасау.

Тындалды:

1. Мониторинг балабақша асханасына, қоймасына жасалды. Қоймада сақталған азық түліктің жарамды мерзімдері тексерілді. Және сақталу ережелері тексерілді. Сондай ақ азық түлікті сақтағанда көршілестігіне де мән берілді. Барлық азық түліктің жарамды мерзімдері сай. Асханада ас дайындау бойынша аспазшылардың жұмыстарына бақылау жасалды. Бақылау барысында ереже бұзушылық анықталған жоқ.
2. Балабақшаның шаруашылық меңгерушісі Торғаева Н.Қ балабақшада берілетін азық- түліктің сертификаттарын көрсетті. Барлық азық-түліктерде сертификаттары бар. Сертификаттар талапқа сай, жарамды мерзімі дұрыс.
3. Түскі тамақтану уақытында барлық топта балаларды тамақтандыру бойынша бақылау жүргізілді. Асханада тағамды тарату бойынша нормаларға бақылау жасалды.


Шешім:

1. Балабақшадағы балаларға берілетін тағамның сапасына жүргізілген мониторинг қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Азық-түлік өнімдерінің сертификаттары талапқа сай деп есептелсін, жарамдылық мерзімдерін тұрақты бақылауда ұстау шаруашылық меңгерушісіне жүктелсін.
3. Балаларға берілетін тағамдардың күнделікті нормалары сақталсын және тұрақты түрде бақылау жалғастырылсын. Асхана қызметкерлеріне санитарлық-гигиеналық талаптарды қатаң сақтау тапсырылсын.

Тәрбиешілер мен тәрбиеші көмекшілеріне балаларды тамақтандыру барысында қауіпсіздік және мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру жұмыстары

жалғастырылсын. 4. Қамқоршылық кеңес тарапынан алдағы уақытта тоқсан сайын мониторинг жүргізу ұйымдастырылсын.

Төрайым : Рахимова Чупенова Р.Б



Хатшы: Нуркасымова М.Б



**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша
білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК
қамқоршылық кеңестің
Хаттамасы № 4**

20.05.2026 жыл

Қатысқаны: 11 адам

Рахимова Чупенова Р.Б

Қойлыбаева М

Аймуханбетов Е.Н

Кәдірбек Ж.С

Қайратова Т.Қ

Катчубаева Ж.У

Нуркасымова М.Б

Адильбекова А.Н

Кудабаева Н.К - меңгеруші

Колдешова М.М медбике

Бердаулетова Г.К - әдіскер

Төрайым етуші Құрылтай жиналысына жиналыстың барлық құрылтайшылары қатысатынын хабарлады.

Төрайым етуші келесі күн тәртібін ұсынды:

1. Режимдік сәттерге қатысу

2. Есеп беру

Тыңдалды:

1. Қамқоршылық кеңес мүшелері 20 мамыр күні балабақшаның ашық есік күніе қатысып шықты. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес мүшелері 2 топқа бөлініп: күннің 1-ші және 2-ші жартысына кез келген уақытында келіп балалардың іс-әрекеттерімен, серуендеріне, тамақтануларына қатысып қайтты. Балалардың еркін әрі өзінің қызыққан істерімен айналысуға дамытушы орталар жас ерекшелігіне сай ұйымдастырылған.

Күннің екінші жартысында тәрбиешілер ауысып, ұқының ұйымдастырылуы, ұйқыдан тұруы бақыланды.

2. Балабақша меңгерушісі Н.Кудабаева өз есебінде балабақша мамандармен толықтырылып, ерекше білім қажет ететін балаларға арнайы педагог-ассистент мамандары белгіленіп берілді. Сонымен қатар толық штатта дефектолог маман жұмыс атқарды. Дене шынықтыру нұсқаушысы балалардың күнделікті сауықтыру жұмыстарын атқарып, дене бітімдерінің дамуына үлкен үлес қосты. Сонымен қатар тәрбиешілеріміздің мамандық

жылына орай бүлдіршіндерімізді дамытушы орталармен толықтырып жұмыс жасап, түрлі экскурсиялар, мамандармен кездесу өткізілді.


Шешім:

1.ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК 2025 – 2026 оқу жылына құжаттар топтастырылсын.

2.Жазғы сауықтыру жұмыстары назарға алынсын.

Төрайым: Рахимова Чупенова Р.Б

Хатшы: Нуркасымова М.Б

Two handwritten signatures in blue ink are placed over two horizontal lines. The top signature is more complex and stylized, while the bottom one is simpler and more cursive.